

Ата-аналар мен талапкерлердің назарына!

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жұмысының сапасын арттыру үшін, 2012 жылдан бастап, ректорымыз Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлының басшылығымен жасалған университетіміздің 7 қадамы.

1) тәжірибелік оқытудың бөлігін едәуір ұлғайттық және барлық оқу бағдарламаларын жаңарттық;

2) 25 жылды алғашқы рет жаңа студенттік жатақхана мен жас оқытушылар мен ғалымдар үшін жаңа тұрғын үйін салдық;


3) әлемнің жетекші ғылыми-аграрлық университеті - АҚШ-тың Дэвис қаласындағы Калифорния университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды;

4) 20 жылдан бері қолданылмаған өздеріміздің тәжірибелік шаруашылығымызды қалпына келтірдік;

5) ғылымды қаржыландыру көлемін ұлғайттық, ғылыми зерттеулермен айналысатын профессор-оқытушылар құрамының үлесі - шамамен 3,5 есеге арттырдық;

6) Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасына 11 негізгі университеттерінің қатарына кірдік және тамақ өнеркәсібі мен ауылшаруашылық техникасының жаңа бағдарламалары бойынша магистрларды шығардық;

7) ет өндірісін қайта өңдеу бойынша эксперименталды өндіріс цехын, сүтті өңдеуге арналған тәжірибелік-өндірістік цехты, мини-наубайхана, өсімдік май эксперименттік өндіру цехын аштық.



60 жылдан астам тарихы бар университетіміз Қазақстан, ТМД елдері және алыс шет елдердің экономикасының барлық салаларында жемісті жұмыс істейтін және біздің еліміздің дамуына белсенді үлес қосып жүрген 65 мыңдай маман, бакалаврлар, магистрлер және PhD докторларын шығарды. Түлектеріміздің арасында - Парламент депутаттары, министрлер, Президенттің және Үкімет аппараттарының қызметкерлері, Еңбек ерлері, облыстардың, аудандар мен қалалардың, ірі кәсіпорындар басшылары, елшілер, белгілі ғалымдар, кәсіпкерлер мен еңбегі жоғары мемлекеттік марапаттармен бағаланған атақты адамдар.

Қазіргі уақытта, біздің көпсалалы университетімізде 42 кафедрасында 890 астам оқытушылар жұмыс істейді, оның ішінде 470 ғылым докторлары мен кандидаттары. Олар білім беру сапасын арттыру үшін талмай еңбектенуде.

Университеттің 7 факультетінде 11 мыңнан астам студенттер, магистранттар және докторанттар бар. Үш тілді оқыту бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша жүргізіледі.

Сапалы деңгейде білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін, бір кампус жүйесіне енгізілген заманауи жабдықтармен жабдықталған 10 оқу ғимараты, ветеринарлық клиника, ақпараттық технологиялар, оқыту және тәжірибелік шаруа қожалығы, білім беру және сауықтыру орталығы, жастар орталығы, 8 студенттік жатақханаларды қамтитын мықты материалдық-техникалық база, 1 миллионнан астам кітаптары бар кітапхана, оқулықтар, монографиялар мен оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығаратын баспахана, университеттің «Менің университетім» газеті.

QS World University Rankings агенттігінің нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің қатарында біздің университетіміздің рейтингісі +701, біз әлемдегі 800 үздік университеттің қатарына енген қазақстандық **9 университеттің біріміз**. 2017 жылы біз батыс Еуропа және орталық Азия ЖОО арасында ЕЕСА-2016 рейтингісінде топ-200 ендік, оның ішіне Қазақстанның 18 ЖОО кіреді. 2017 жылы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің рейтингісі бойынша біздің ЖОО елімізде «Ауылшаруашылық ғылымдар» бағыты бойынша 2-ші орында. Республикалық рейтингтік агенттіктің нұсқасында «ЖОО генералдық рейтингісі-2017» бойынша біздің университет ҚР 137 ЖОО ішінде 11-ші орында.

Университетте өнер және шығармашылық факультеті танымал мамандықпен қатар, студенттер әртүрлі бағыттар бойынша өз таланттарын дамыта алады. Университетте спорт клубы бар, студенттер түрлі спорт түрлерімен айналысады, оның ішінде Олимпиада чемпиондары, Әлем және Азия чемпиондары.

